

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК**

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында

білім беруді дамытудың

оқу – әдістемелік орталығы»

КМҚК директоры

Б. Абдикерова

2023 ж.



**«ҰЛАҒАТ»
ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІ ЖОБАСЫ**

ҚАРАҒАНДЫ, 2023

«ҰЛАҒАТ» ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІ ЖОБАСЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ	МАЗМҰНЫ
Жоба атауы	«Ұлағат» әкелер мектебі
Жоба үйлестіруші	Абдикерова Бакиткул Хималдиновна, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры
Жобаны ұйымдастырушы	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК, қосымша білім беру және тәрбие бастамаларын дамыту бөлімі
Жобаны әзірлеуші шығармашылық топ	Казиева Ансаган Алпысбаевна, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының бөлім меңгерушісі; Баграмова Гулшат Тлеугабыловна, «Н. Әбдіров атындағы ЖББМ» КММ директоры Жуматаева Ақгул Советовна, Қарағанды қаласының «Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары; Рахметова Салтанат Бейбитовна, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері
Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы	Педагогтер, ата-аналар, оқушылар
Жобаға қатысушы оқушылардың жасы	07 – 17 жас
Жобаның типтік ерекшеліктері	<ul style="list-style-type: none"> - жасалған өнімнің сипаты бойынша: ақпараттық шығармашылық, ойын және басқалар - қатысушылар саны бойынша: жеке, жұптық, топтық - ұзақтығы бойынша, ұзақ мерзімді - бейінділігі бойынша: монопроект - үйлестіру сипаты бойынша: ашық - байланыс деңгейі бойынша: облыстық, білім беру ұйымы деңгейінде
Жобаның өзектілігі	<p>Қазіргі кезде балаларға қоғамның ықпалы барған сайын күшейе түсуде, олардың тәрбиесіне түрлі мекемелер мен ұйымдар қатысады. Ал, отбасы ше? Оның тәрбие берудегі рөлі қандай? Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай?</p> <p>2022 жылы Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы 2030 жылға дейін өзектендірілді. Бұл тұжырымдамада атап өтілгендей, отбасы адамның бүкіл өмірлік</p>

	<p>циклімен бірге жүретін маңызды топ қана емес, сонымен бірге қоғамның тұрақты негізі және мемлекеттің әл - ауқатының шарты болып табылады. Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау сынды міндеттерді шешуде 2022-2023 оқу жылы «Әкелер мектебі» жобасы қолға алынды. Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, «тегіне тартқан» дейді. Өйткені, әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. Сол себепті де бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізе отырып, оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыра білу маңызды.</p>
Жобаның мақсаты	Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, білім беру ұйымдарында отбасы, мектеп және оқушылардың өзара ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасау.
Жобаның негізгі міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Отбасы-мектеп-бала» үштігінің өзара байланысын дамыту; 2. Үлгілі отбасының тәжірибесін тарату арқылы отбасының беделін арттыру; 3. Жауапты әке болудың оң әлеуметтік бейнесін қалыптастыру; 4. Әкелерді белсенді әлеуметтік қызметке тарту; 5. Әкелердің психологиялық, педагогикалық және құқықтық мәдениетін арттыру.
Күтілетін нәтиже	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Отбасы-мектеп-бала» үштігінің өзара байланысын дамиды; 2. Үлгілі отбасының тәжірибесін тарату арқылы отбасының беделін артады; 3. Бала тәрбиесіне жауапты әкелер бейнесі артады; 4. Әкелер мен мектеп ұжымы арасындағы ынтымақтастықты жанданады; 5. Әкелердің психологиялық, педагогикалық және құқықтық мәдениеті артады.
Жобаны іске асыру тетіктері:	<ul style="list-style-type: none"> - Білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілерінде ақпараттық насихаттау шараларын өткізу; - Танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, блогерлерді насихат жұмыстарына тарту; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы белгілі тұлғалармен және жетістікке жеткен белгілі әкелермен кездесулер ұйымдастыру; - БАҚ көздерінде әке тәрбиесіне байланысты салт-

	<p>дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты іс-шараларын кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әке тәрбиесіне арналған ұлттық тәрбиеден көрініс беретін заманауи бейнероликтер, подкасттар, әлеуметтік желіде челленджер, мақалалар мен танымдық посттарды жүйелі жүргізу; - Білім беру ұйымдарының басылымдарында, газет-журналдардың бір бетін жүйелі түрде әке тәрбиесіне арнау; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы елге белгілі ұлағатты әкелермен кездесулер ұйымдастыру; - «Жігітке жеті өнер де аз» атты әке тәрбиесін көрген ұл балалардың ұлттық шеберлігін ютуб сайтында жариялау;
<p>Жобаны насихаттау жұмыстары</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желі, билбордтарда мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықты ұлықтайтын мессенджер тарату; - Бала тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлерді (білгірлері), ұлттық құндылықты дәріптеуде (көпшілікке) үлгі ретінде насихаттау; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы белгілі тұлғалармен, үлгілі отбасыларымен кездесу ұйымдастыру;
<p>Жобада ұйымдастырылуы тиіс іс-шаралар</p>	<ul style="list-style-type: none"> - оқушылар арасында ұлттық құндылыққа байланысты (ұлттық), байқаулар, кештер, салт-дәстүрден интеллектуалдық сайыстар, олимпиадалар өткізу; - әкелермен мен ұл балалар арасында ұлттық қолөнерден сайыстар өткізу; - «ӘКЕ FEST» атты әкелер мен балаларға арналған фестиваль ұйымдастыру және БАҚ-та, әлеуметтік желілерде кеңінен жариялау; - әкелердің балалармен бірге уақыт өткізуін насихаттау мақсатында шағын футболдан «спорттық отбасы» конкурсын өткізу, онда командаға әкелер мен ұлдары қатысады; - алғыс айтудың жаңа дәстүрін құру: әкесіне деген құрмет пен ризашылықты білдіретін символдық сыйлық; жазбаша ашық хаттар жіберу мәдениетін жаңғырту; - көп балалы әкелер туралы, әке болу туын мақтанышпен көтерген жалғызбасты әкелер туралы, сондай-ақ табысты тұлғаларды, кәсіпкерлерді, қоғам қайраткерлерін, танымал спортшыларды, музыканттарды тәрбиелеген әкелер туралы арнайы сюжеттер, фильмдер көру;

- әкесі баласымен бірге тұрмыстық жұмыстарды орындайды – пәтерді жөндеу, автокөлікті жөндеу, таңғы ас дайындау, азық-түлік сатып алу немесе бірлескен бос уақытты өткізу – жүгіру, балық аулау, велосипед тебу және т. б. Қатысушылар әлеуметтік желілерде # «Ұлағат» әкелер мектебі, #Shezhire хэштегімен видео, фото жариялау;
- ұлттық құндылықты дамыту барысында әкелер басшылығымен ұл балалар арасында дебат ойынын ұйымдастыру;
- әке мен бала арасында ұлттық қолөнер көрмелерін ұйымдастыру;
- «Менің ата-тегім», «Тегін білген тектіден» тақырыбында іс-шара өткізу;
- ұмытыла бастаған ежелгі қазақ салт-дәстүрлерінен фестивальдер ұйымдастыру)
- әке тәрбиесіне арналған ұлттық құндылықтарды насихаттайтын театрлық қойылымдарды өткізу;
- «Жігіт сұлтаны» байқауын әкелерді шақыра отырып ұйымдастыру;
- ұл балаға тән қазақтың ұлттық ойындарын әкелермен насихаттап, өткізу.
- «Жеті ата – отбасылық шежіре» тәрбие сағаты
- «Менің әкем, менің әкем, ең жақсы адам!» сыр-сандық интеллектуалды ойыны;
- құқықтық және кәсіптік бағдар беру: «Тарихты білу тамырың», «Кәсібім-нәсібім» т.б. іс-шараларын ұйымдастыру;
- білім сапасын дамыту: Әкелермен бірігіп кітап оқу, талқылау т.б. іс-шаралар ұйымдастыру;
- отбасының тәрбиелік әлеуетін, мектепте білім алушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту мақсатында «Мектептегі бір күн» ашық есік күнін іске асыру;
- «Бала тәрбиесі қоғам тәрбиесі» құқықбұзушылық туралы TEDx;
- саятшылық туралы (атбегілік, аңшылық, қолөнер бұйымдарын жасайтын шеберхана т.б. жерлерге саяхат) т.б.
- «Ең ерекше Әке» байқауын ұйымдастыру

<p>Жобаға енген пилоттық мектептер</p>	<p>Қарағанды қаласы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Нүркен Әбдіров атындағы ЖББМ» КММ 2. «Абай атындағы мектеп-гимназиясы» КММ 3. «Мағжан Жұмабайұлы атындағы гимназия» КММ <p>Балқаш қаласы</p> <ol style="list-style-type: none"> 4. «Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицей» КММ <p>Теміртау қаласы</p> <ol style="list-style-type: none"> 5. «№9 лицей» КММ <p>Саран қаласы</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. «№1 мектеп-лицей» КММ <p>Шахтиск қаласы</p> <ol style="list-style-type: none"> 7. «№12 ЖББМ» КММ <p>Абай ауданы</p> <ol style="list-style-type: none"> 8. «Абай Құнанбайұлы атындағы №5 мектеп-гимназиясы» КММ <p>Ақтоғай ауданы</p> <ol style="list-style-type: none"> 9. «Күләш Бәйсейітова атындағы ТМ (РО)» КММ <p>Бұқар жырау ауданы</p> <ol style="list-style-type: none"> 10. «Ростовка тірек мектебі (РО)» КММ <p>Қарқаралы ауданы</p> <ol style="list-style-type: none"> 11. «Жәутіков атындағы №1 ЖББМ» КММ <p>Нұра ауданы</p> <ol style="list-style-type: none"> 12. «М. Жұмабаев атындағы ЖББМ» КММ <p>Осакаров ауданы</p> <ol style="list-style-type: none"> 13. «Қ. Сәтпаев атындағы ТМ (РО)» КММ <p>Шет ауданы</p> <ol style="list-style-type: none"> 14. «Шәрбән Батталова атындағы ТМ» КММ <p>ММЛИ</p> <ol style="list-style-type: none"> 15. «№1 Білім инновация лицей-интернаты» КММ 16. «Н. Нұрмақов атындағы мектеп-лицей-интернаты» КММ 17. «Мамандандырылған музыка мектеп интернаты» КММ 18. «№9 арнайы мектеп-интернаты» КММ
<p>Жобаны іске асыру кезеңдері</p>	<p>I. Дайындық кезеңі: ақпан-қыркүйек 2023ж. Жобаны жүзеге асыру шарттарын бағалау. Жобаны бағалау критерийлерін әзірлеу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.1. «Ұлағат» әкелер мектебі жобасын әзірлеу, талқылау және бекіту. 1.2. Жобаны іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту. 1.3. Жобаға қатысушылар үшін іс-шаралар (вебинар, нетворинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу. 1.4. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу. <p>II. Қалыптастырушы кезең: қыркүйек-желтоқсан</p>

	<p>2023 ж, 2024-2025 оқу жылы. Жобаны жүзеге асыру.</p> <p>2.1. Оқушыларға ұлттық құндылыққа негізделген тәлім-тәрбие беру берудің тиімді түрлері мен әдістерін таңдау.</p> <p>2.2. Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті, құқық қорғау және денсаулық сақтау органдары, медиация қызметі, психолог мамандары, жастар және қоғамдық ұйымымен серіктестікті кеңейту және нығайту, бірлескен жұмыстар жүргізу.</p> <p>2.3. Білім беру ұйымдары «Ұлағат» әкелер мектебі жобасын жүзеге асыру жұмыстарының жүйелі түрде ұйымдастыруын қамтамасыз ету, қадағалау.</p> <p>2.4. Жобаны іске асыру мониторингін жүргізу, сараптамалық талдау жасау.</p> <p>2.5. Жобаны жүзеге асыру бағытында іс-шаралар (дөңгелек үстел, вебинар, нетворинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу.</p> <p>III. Қорытынды кезең: 2026 жыл Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін талдау.</p> <p>3.1. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сапалық және сандық талдауы.</p> <p>3.2. Жобаны жүзеге асыру аясында жүйелі тәрбие жұмыстарын жүргізген білім беру ұйымдарына сараптамалық талдау жүргізу.</p> <p>3.3. Жобаны жүзеге асыру аясында жеткен жетістіктерін талдау, одан әрі жұмыс істеу перспективаларын анықтау.</p>
<p>Болжалды өнімдер</p>	<p>Жоба аясында өткізілген іс-шаралар бойынша әдістемелік өнімдер шығару, мақалалар, авторлық нұсқаулықтар, бағдарламалар, жұмыс дәптерлері т.б. Балалар қызметінің өнімдері: әлеуметтік желілердегі посттар, Әкелер клубтарын ұйымдастыру шараларын тарату өнімдері.</p>